

# ПСИХОЛОГИЯ – ҒАЖАЙЫП ҒЫЛЫМ"



Ембі қалалық жанындағы интернатпен №7 орта  
мектебі

19-24 мамыр 2014 жыл

Мектеп психологы: Салмаева Сая

Біз қазір “психология”  
атты ғажайып ғылым нені  
зерттейтіні туралы  
жақынырақ танысып  
білеміз!










**АДАМ – ЖЕР БЕТІНДЕГІ  
ЕРЕКШЕ ЖАРАТЫЛЫС.**

**АДАМДЫ АҚЫНДАР,  
ФИЛОСОФТАР ЕРТЕРЕКТЕН  
БАСТАП ЗЕРТТЕГЕН.**



**“Психология”  
сөзі қайдан  
пайда болды?  
Оны білу үшін  
грек елінің  
аңыздарына  
шолу жасайық.**



**Баяғыда грек елінің әйел құдай**

**Афродитаның ұлы Эрот Психея атты сұлу қызға ғашық болып, сол қызға үйленген екен. Бірақ ол қарапайым адам еді, сондықтан Афродита ашуға мініп, Психеяны көптеген сынақтардан өтуге мәжбүрлеп қинаған екен. Психеяның сүйген адамымен бірге болу тілегі күшті болғаны соншалық оған табиғат – ана көмекке келген екен. Психея Афродитаның барлық талаптарын орындайды. Эрот та сүйіктісімен бірге болу үшін грек елінің бас құдайы Зевстен рұқсат алыпты. Сөйтіп, Зевс Психеяға мәңгі өмір сыйлап, ғашықтарды қосыпты.**

Психея грек елінің аңызында арман – мұратын іздеуші жан бейнесіне айналды. «Психология» сөзі грек тілінен аударғанда «психе» - жан, «логос» – зерттеу деген мағына береді.







Жан туралы ғылым – мұндай анықтама 2000 жыл бұрын берілді. Ал психологияны зерттейтін адамдарды психолог деп атады.



**Психология-  
адамның жан  
сырын  
зерттейтін  
өнегелік  
ғажайып  
ғылым.**





**Кім?  
Мен  
қандаймын?  
сұрақтарын  
а жауап  
беруге  
көмектеседі  
.**

**Психология  
арқасында дүниеге  
жаңа келген  
сәбиден адам  
ересек, ақыл  
тоқтатқан тұлғаға  
қалай айналатынын  
біле аламыз.  
Айналамыздағы  
әлемді қалай танып  
білетініміз туралы  
айтып береді.**







Ал енді  
айналамызға  
қарайықшы –  
қасымызда  
қаншама ересек  
адамдар және  
құрдастарымыз  
бар! Олардың  
барлығының  
бойы, жасы,  
көзінің түсі,  
мінездері әр  
түрлі. Олармен  
қалай жақсы  
қарым – қатынас  
орнатуға болады?




Адамдар арасында қарым – қатынас қалай орнайды? Біз бір – бірімізді қалай қабылдаймыз? Адамның ым-ишарасы, сөзі, бет әлпеті арқылы мінезін қалай білуге болады?


Осы сұрақтардың барлығына психология ғылымы жауап береді. Әлі де адам жанының сырының көп қырын ашу керек бұл ғажайып ҒЫЛЫМҒА.

**Психология** өз алдына ғылым ретінде ХІХ ғасырдың 60 ж. бөлініп шықты. Оған себеп болған ғылыми-зерттеу мекемелері-психологиялық лабораториялар және институттар, жоғары оқу орындарындағы кафедралар сонымен қатар психикалық құбылыстарды оқып-білуге байланысты экспериментті насихаттау жұмыстары.


Көптеген ертедегі ойшылдардың көзқарастарына ортақ болған “психология” сөзінің орнына “жан” ұғымын қолданады және ерекше мәнді құбылыс ретінде қарастырады.




# Қазақстанда психология ғылымының қалыптасуы мен дамуы



*Бірінші кезеңі – кеңес  
үкіметі орнағанға  
дейінгі қазақ  
психологиясы- бұл  
кезең психология  
ғылымының ілкі  
бастауы(15-20ғ.)*



*Екінші кезеңі  
марксистік кеңестік  
психология деп  
аталады (1920-1990)*



*Үшінші кезең – егемен,  
тәуелсіз Қазақстан  
жағдайында  
қалыптасқан ғылыми  
психология дамуының  
жаңа кезеңі  
(1991-2006)*

Әбу –Насыр әл-Фараби

Ол психология ғылымының әртүрлі мәселелеріне “Ақыл-ой туралы”, “Темперамент туралы”, “Түс көру туралы”, “Жанның мәні туралы”, “Ақыл-ой және ұғым”, “Жас өспірімнің ақыл ойы туралы кітап”, “Ересектердің ақыл ойы туралы кітап” және т.б. еңбектерін арнады. “Тіл адамның даңқын асырады”, “ Адам ол арқылы бақыт табады”, “Тіл адамға жапа шектіреді”, “ Абайламаса, басынан да айырады”, “Жақсы болғың келсе, жаман сөз айтпа” деген мәтелдердің психологиялық мәнін ашып көрсетті.

Жүсіп Баласағұни

Ол Қазақстанда психология ғылымы саласында тұңғыш рет 1939 жылы Ленинград қаласында “К.Д.Ушинский – Ресейдегі педагогикалық психологияның негізін салушы” тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады.

Төлеген Тәжібаев

Қазақ топырағында алғаш рет 1922жылы “Педагогика” атты оқулық жазған.

Мағжан Жұмабаев

Жүсіпбек Аймауытов

Қазақ топырағында тұңғыш рет “Педагогика” оқулығын 1926 жылы жазды.


В.Я.Струминский

1923 жылы Орынбор қаласында “Педагогика” оқулығы орыс тілінде жарық көрді. Еңбегінде диалектиканың негізгі мәселелерін бір жүйелі баяндау тәжірибесіне тоқталады.

Әбдірахман Асылбеков

Ол бірнеше ғылыми еңбектер мен мақалалардың авторы, әсіресе, оның “Оқушылардың ынтасын тәрбиелеу”(1958), “Қоғамдық пайдалы еңбек арқылы оқушыларға коммунистік тәрбие беру”(1959), “Бала тәрбиесінде семьяның рөлі”(1969).





*Достар, бүгін сендер  
психология ең алдымен  
нені зерттейтінінің бір  
бөлігін ғана білдіңдер.  
Психологияны оқып  
зерттеу арқылы ғана  
адамның ішкі дүниесін  
тани аласыздар.*